

ҒАСЫР – ҒҰМЫР – СТО ЛЕТ СОЗИДАНИЯ



3

ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ: «ДАҢҚТЫ МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ – ЖАС ҰРПАҚҚА ҮЛГІ»



4-5

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕНІҢ ШАМДАРЫ



8



Ембі ТЫНЫСЫ

№14 (98)
ҚЫРКҮЙЕК
2022 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.



Құрметті салтанатты шараға қатысушылар! Қадірменді ардагерлер, мұнайшылар!

Ең алдымен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың сіздерге деген сәлемін жеткізуге рұқсат етіңіздер!

Мұнай-газ өнеркәсібі – әрқашан экономикамыздың қозғаушы күші және әлеуетті зор сала. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев мұнай-газ секторы ел қазынасының негізгі бөлігін құраушы, экономикамыздың басым бағыты болып қала беретіндігін айтты.

Тәуелсіз Қазақстанның дамуында қазақ мұнайының рөлі мен оны игеруші құрыш білекті мұнайшылардың еңбегі зор. Ғасырдан астам тарихы бар отандық «қара алтынды» игеруде мұнайшылар үлкен жұмысты атқарып келеді. Алда тұрған міндеттер де аз емес. Қазір елімізде осы салада жұмыс істеп жатқан көптеген мұнай компаниялары бар. Солардың бірі – қазақ мұнайының бастауында тұрған отандық кәсіпорын «Ембімұнайгаз» АҚ.

Алдымен, баршаңызды бүгінгі 100 жылдық мерейтойларыңызбен құттықтауға рұқсат етіңіздер. Бұл – айтулы мереке. Себебі, Атыраудағы Қарашұңгіл

жерінен табылған «қара алтын» бүгінде тәуелсіз Қазақ елінің брендіне айналды.

1899 жылы Жылыой ауданындағы Қарашұңгіл құрылымының скважинасынан алғаш мұнай көзі табылды. 1922 жылы трест болып құрылған «Ембімұнайгаз» бүгінде өз бағытын нақты айқындаған, аяғына нық тұрған қуатты кәсіпорын.

Елімізде мұнай өндірісінің қалыптасуымен қатар, ұлттық мамандардың өндіріс саласын меңгеруі дәл осы мекемеден бастау алғаны белгілі.

Ембілік геологтар еліміздің Батыс аймағындағы ірі мұнай кеніштерін ашуда зор еңбек сіңірді. Соның арқасында мұнай-газ саласы ел экономикасы дамуының локомотивіне айналды.

«Ембімұнайгаз» – қазақ мұнайының қарашаңырағы. Бір ғасырлық тарихы бар көне кәсіпорын қаншама даңқты мұнайшы әулетін тәрбиелеп, мыңдаған ұлттық кадр дайындап шығарды. Жер қойнауындағы қазба байлықты іздеуден бастап, оны игеру мен дамыту мол қажыр-қайратты, терең білім мен табандылықты талап етеді. Осындай қиыншылықтарға төтеп беріп, мұнай өндіріп, ел игілігіне үлес қосқан мұнайшылар еңбегі ешқашан ұмытылмайды.

Мемлекет басшысы кешегі Қазақстан халқына Жолдауында қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетілу керектігін атап өтті. «Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуы тиіс» деді.

Мұнайшылар да – ісіне адал, өз саласын дамытуға өлшеусіз тер төгіп жүрген маман иелері.

«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы республикалық және жергілікті бюджетке салық ретінде жыл сайын қомақты қаражат аударады. Кәсіпорын әлеуметтік жауапкершілік ретінде Атырау облысының дамуына да жан-жақты қолдау көрсетеді.

Қадірлі мұнайшылар!

«Ембімұнайгаз» кәсіпорнының ғасырлық мерейтойы құтты болсын! Сонымен бірге, осы сәтті пайдаланып, барлық қазақстандық мұнайшыларды кәсіби мерекемен құттықтаймын. Еліміз үшін зор еңбектеріңізге табыс, мықты денсаулық, отбасыларыңызға береке-бірлік, амандық тілеймін.

Әлихан Смайылов,
Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі



Құрметті Есен Қайржанұлы!

«Ембімұнайгаз» АҚ ұжымын қазақ мұнай кенішінің кіндігі саналатын Ембі өңіріндегі бірінші мұнай кәсіпорнының құрылғанына жүз жыл толуымен құттықтаймыз! Мұнай өндірісінің түп атасы болған кәсіпорынның тарихы ресми түрде 1922 жылдан, Доссор және Мақат кен алаңдарын игеру үшін құрылған, сол кезден бастап еліміздің мұнайының тарихы басталды деп сеніммен айта аламыз.

Бұл мереке тек ұжымның ғана емес, жалпы Қазақстан мұнайшыларына ортақ мерекесі, ел өміріндегі айтулы оқиға. Ол – бір ғасыр бойы жер нәрін ел ырыздығына ақтарған кен орны, қазақ мұнайшыларының үлкен өндіріс мектебіне айналған құт мекен. Мұнда мұнайшылық кәсіп атадан балаға мұра болып, ұрпақтар сабақтастығы жалғасын тауып келеді. Алдағы уақытта да ел экономикасының нығаюында маңызды рөл атқарып, халқымыздың әл-ауқатының жақсаруына сүбелі үлес қоса беретіндігіне сенеміз. Бүгінгі күні Сізге және барша ұжымға еліміздің игілігін баянды ету жолындағы еңбектеріңізге мол табыстар және барлық істеріңізге сәттілік тілейміз!

**Құрметпен,
Ғұмар ДҮЙСЕМБАВ, Сағындық
ЛҰҚПАНОВ,
ҚР Парламенті Сенатының депутаттары**

Құрметті Есен Қайыржанұлы!

Сізді және Өзіңіз басқарып отырған «Ембімұнайгаз» АҚ-ның үлкен ұжымын компанияның ғасыр мерекесі - 100 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Мұнай игеру - қажырлы еңбек пен қарқынды іс-қимылды, тозбас төзім мен мұқалмас күш-жігерді қажет ететін қиын да күрделі кәсіп.

Бұл ретте, қазақ мұнай өндірісінің қайнар көзі саналатын «Ембімұнайгаз» компаниясы ғасыр бұрын алғашқы бұрқағы атқылағаннан бастап бүгінге дейін талай тың бастамаларға түрең салып, соңы жетістіктерге қол жеткізіп келеді.

Осы уақыт ішінде қарқынды да қарышты дамып, заманға сай жүйелі жұмыс, ұрымтал ұмтылыс арқылы жоғары жетістіктерге табан тіреді. Еліміздегі мұнай-газ өндірісінің дамуына үзілмейтін даңғыл жол салып, қазақ мұнайы мен газының әлеуетін әлемге танытқан алып та абыройлы кәсіпорынға айналды.

Сондықтан, бұл мерейлі мейрам тек «Ембімұнайгаз» ұжымының ғана емес, еліміздегі барша мұнайшылар қауымына ортақ мереке.

Қашанда қалың елдің ықыласына бөленіп, нәтижелі еңбектеріңізбен еліміздің экономикалық әлеуетін арттыру жолындағы игі істеріңіз ілгері басып, толымды табыстарға жете бергейсіздер.

**Құрметпен, Иманғали ТАСМАҒАМБЕТОВ,
мемлекет және қоғам қайраткері**

БІЗДІ ҚҰТТЫҚТАЙДЫ...

Құрметті салтанатты жиынға қатысушылар! Қадірлі мұнай ісінің майталмандары!

Бүгін ерекше күн, айтулы мереке! «Ембімұнайгаз» компаниясына 100 жыл толды! Осы атаулы мерекеде баршаңызбен мұнайлы өлке, қасиетті Атырау төрінде жүздескеніме қуаныштымын.

Атырау – күй атасы Құрманғазыдай ұлы тұлғалардың кіндік қаны тамған, ер Махамбеттей намысты батырларды атқа қондырған, Хиуаздай батыл қыздарды тәрбиелеген, небір ақын мен дана дүниеге келген киелі мекен. Қазақылықтың иісі аңқыған мұнайлы өлкенің бүгінгі буыны тәуелсіз еліміздің экономикасын, халқымыздың әл-ауқатын арттыруға сүбелі үлес қосуда. Бүгінде жер қойнауы қара алтынға бай Атырау облысы мемлекет бюджетінің бүйірін толтырып, ұлттық қорымыздың қоржынын молайтып отыр.

Атырау елінің қасиеті мен киесін сіңіріп, топырағынан талай тұлға түлеп ұшты. Мұнда қазақтан шыққан алғашқы жоғары білімді инженер Сафи Өтебаев, мұнай кәсіпшілігін басқарған алғашқы мұнайшы қыз Балжан Жұмағалиева, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына үш мәрте сайланған алғашқы қазақ қызы Балғаным Доспаева, қазақтан шыққан алғашқы стахановшылардың бірі Сабырғали Зорбаев, Еңбек Ері атанған алғашқы қазақ қызы Нәбира Шағырова және ембіліктердің ортасынан шыққан Еңбек Ерлері Әбілғазы Махутов, Ақаш Мұхамбаев, Ұлықпан Әбдірахманов, Зинел Балгенжиев, Ұзақбай Қарабалин сынды асыл азаматтарымыз бар.

Әлемдік құбылысқа айналған қазақ мұнайының тарихы Ембінің Қарашүңгіл, Ескене, Доссор және Мақат кен орындарынан бастау алды.

Бүгінде Ембі – бұл қазақ мұнайының бастауында тұрған көне кәсіпорын. «Ембімұнай» тресі болып құрылған күннен бастап қазірге дейін өзінің даңқты жолында еңбектің ерен үлгісін көрсетті. Ембі кәсіпорнының өткен жолы ұлттық мұнай-газ өнеркәсібі дамуының тарихымен астасып жатыр.

Шын мәнінде, мұнай - ауыр өндіріс әрі үлкен ғылым жолы! Жерасты байлығын барлау, игеру, дамыту – бұл өлшеусіз зор қажыр-қайратты, білім мен табанды еңбекті талап етеді. Осындай сан қырлы өндіріс сынына төтеп беріп, жер нәрін іздеп тауып, ел игілігіне қосқан мұнайшылардың, яғни, сіздердің еңбектеріңіз ұшан-теңіз.

Ғасырдан астам тарихы бар мұнай саласында Ембі кеніштерінің, алғашқы мұнайшы аға-апаларымыздың өз қолтаңбасы, даңқты еңбек жолы бар. «Ембі – мұнайшылар ұстаханасы» деген сөз бекер айтылмаған. Мыңдаған мұнайшы осы мектептен өсіп, қанат қақты. Көптеген мұнайшы династиялары қалыптасты.

Бөлекбай Сағынғалиев, Мақаш, Нұрлан Балғымбаевтар, Нәсіпқали Марабаев, Жолдасқали Досмұхамбетов, Орынғазы Есқазиев, Құмар Балжанов, Асабай Хисметов, Болат Еламанов сияқты майталман мұнайшылар саланы дамытуға өлшеусіз үлес қосты. Аға буынның сара жолын бүгінде олардың ұрпақтары абыройлы жалғап келеді.

Қадірменді ардагерлер!

«Өткенсіз бүгін жоқ, бүгінсіз ертең жоқ» деген жақсы сөз бар. Сіздердің арқаларыңызда мұнай өнеркәсібі қалыптасты, дамыды, нығайды. Сіздерге айтар алғысымыз шексіз. Құрметпен бас иеміз.

Ардақты ағайын!

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының мыңдаған ұжымы атынан баршаңызды «Ембімұнайгаз» компаниясының ғасыр тойымен шын жүректен құттықтаймын! Зор денсаулық, амандық, еңбектеріңізге табыс, шаңырақтарыңызға құт-береке тілеймін!

Қазақстан халқының игілігі жолында жаңа табыстарға жете беріңіздер! Ел іргесі аман, аспанымыз ашық болсын!

Ғасыр тойларыңыз құтты болсын!

**Мағзұм МЫРЗАҒАЛИЕВ,
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының
Басқарма төрағасы**

Әлеуметтік қолдау



МҰНАЙШЫЛАР КҮНІНЕ – ЖАҢА АСХАНА



Мұнайшылардың кәсіби мерекесі қарсаңында «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Солтүстік Жолдыбай кен орнында Ембінің 100 жылдығына және аталмыш кен орнының 30 жылдығына орай 20 орындық жаңа асхана пайдалануға берілді.

Мұнайшылардың кәсіби мерекесіне орай ашылған жаңа нысанның керілген қызыл лентасын «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның басшысы Серік Әбдиев және басқарманың кәсіподақ комитетінің төрағасы Самат Мұхамбетов қиды.

«Бүгінгі асхананың ашылу салтанаты мұнайшылар күніне үлкен сый болып отыр. Өйткені, Солтүстік

Жолдыбай кен орнында 30-ға жуық адам жұмыс жасайды. Бұған дейін мұнайшылар орынның тарлығына байланысты кезекке тұрып тамақтанса, енді жаңа асхана барлық жұмысшыларға бір мезетте қызмет көрсете алады. Сонымен қатар, тамақтың сапалы болуын да бақылап отырмыз. Себебі, біз үшін ең бастысы – жұмысшыларымыздың өмірі мен денсаулығы!», – деп атап өтті басқарма басшысы С.Әбдиев.

Ашылу салтанатынан кейін аталмыш кен орнында аянбай еңбек етіп жүрген бірқатар мұнайшылар марапатқа бөленді. Атап айтсақ, Табылды Ізтілеуов, Мереке Болатов «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жылдығына орай алғыс хатқа ие болса, Қайрат Айдашев, Нұрлыбек Бақытқалиев, Саламат Нұрқасымов, Еркін Төлегенов, Маралбек Сатыбалдиев, Камал Кішкенеғұлова, Батырбек Әбдіғалиев Солтүстік Жолдыбай кен орнының 30 жылдығына орай марапат биігінен көрінді.

Сондай-ақ, еңбегімен ерекшеленген Айман Шарекова, Қамқа Бектұрлиева, Саламат Нұрқасымов, Еркін Тулегенов, Камал Кішкенеғұлова, Қайрат Айдашев, Батырбек Әбдіғалиев, Маралбек Сатыбалдиев, Мереке Булатов, Балдай Ахметова, Серік Джаншаев, Нұрлыбек Бақытқалиев, Бибігүл Қалмағанбетова, Рүстем Жұбанғалиев, Хақназар Уайыс, Нұрлан Ақмүрзиев «Ембімұнайгаз» АҚ-на – 100 жыл» мерекелік медалін тақты.

30 жыл болған кен алаңында 30 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан қызметкерлер де бар. Солардың бірі

– алғашқыда дайындық бригадасының шебері болып қызметке орналасып, кейін әртүрлі қызметтерді атқарған Табылды Ізтілеуов.

«Солтүстік Жолдыбай 1991 жылдың қысында ашылды. Ол уақытта «Мақатмұнайгаз» басқармасына қарады. Кейіннен 2007 жылы «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қосылды. Мен 1992 жылы мамыр айында осында жұмысқа орналастым. 1997 жылы осы жерде учаске басшысы болдым. Ол қызметім 2007 жылға дейін жалғасып, 2016 жылдан бері слесарь болып жұмыс жасап жатырмын.

Бастапқы жылдары бұл жерде бар-жоғы үш ұңғыма болды. №1, №10, №11 ұңғымаларымен жұмысты бастап, 30 кубқа дейін мұнай алатын болдық. Оны 50 келілік қазанға майын құйып, көлікпен ауылға таситын едік. Ол кезде, әрине, құбыр желілері болмады. Осындай қиыншылықтармен өркендеген бұл кеніш қазір үлкен кең алаңына айналып отыр. Бұрынғыдай емес, қазір жағдайымыз жақсы. Спорт алаңшамыз бар. Асханамыз қиыншылық тудырып жүр еді. Бүгін, міне, шешімін тауып жатыр», – деді еңбек өтілінің 30 жылын осы кен алаңына арнаған Т.Ізтілеуов.

№3 Шығыс Мақат мұнай өндіру цехына қарасты Солтүстік Жолдыбай кен орнында бүгінгі күні 32 мұнай өндіру ұңғымасы және 9 жерасты қабат қысымын тұрақтандыру ұңғымасы жұмыс жасауда. Мұнда мұнай өндіру цехына қарасты 29 жұмысшы аянбай тер төгуде. Бұл жолда мұнайшылар жоспарды толыққанды орындап отыр.

Книга



ҒАСЫР – ҒҰМЫР – СТО ЛЕТ СОЗИДАНИЯ

Так называется книга, посвященная вековой истории АО «Эмбаунайгаз». Она вышла в свет накануне празднования знаменательной даты.

«В каждой строчке, на каждой странице – наша память и глубокое уважение к великим и скромным труженикам, 100 лет терпеливо и упорно шедших путем больших и малых побед в нефтедобыче. И каждая такая победа имеет имя», – пишется в предисловии книги.

Инициаторы выпуска энциклопедического издания постарались поименно вспомнить и увековечить имена нефтяников, внесших неоценимый вклад в историю развития Эмбы – первооткрывателей месторождений, героев труда, лауреатов государственных премий, первых руководителей, орденосцев и передовиков производства. Наряду с этим, книга также рассказывает о простых тружениках, стоявших у истоков рождения предприятия, трудившихся на разных этапах ее деятельности, а также современных добытчиках черного золота, которые уже на нынешнем этапе обеспечивают дальнейший рост нефтедобычи.

Книга издана на двух языках, тиражом в тысячу экземпляров.

Болашақ

И.ГУБКИН УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ФИЛИАЛЫ – АТЫРАУДА



Жаңа оқу жылы атыраулық студент жастар үшін жағымды жаңалықтармен басталды. ҚР Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында.

С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті базасында И.М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университеті (ғылыми-зерттеу университеті) филиалы салтанатты түрде ашылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауындағы салалық оқу орындарының филиалдарын ашу жөніндегі тапсырманы орындауға ҚР

Ғылым және жоғары білім министрлігі мұрындық болып, оған «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы ерекше ықпал етті.

Жаңа білім нысанының ашылуына ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ерғалиев, «KAZENERGY» қауымдастығы төрағасының орынбасары, Қазақстанның Еңбек Ері Ұзақбай Қарабалин, И.Губкин атындағы атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетінің ректоры Виктор Мартынов, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары, Құрманғазы Есқазиев және тағы басқалар қатысты.

И.М. Губкин атындағы РМУ-нің Атырау қаласындағы филиалы

«Мұнай-газ құбырлары мен мұнай-газ қоймаларын салу және пайдалану», «Мұнай-газ технологиялары», «Мұнай мен газдың табиғи резервуарларын геологиялық модельдеу» білім беру бағдарламалары бойынша студенттерді бакалавриатқа қабылдау науқанын бастады.

Айта кетсек, С.Өтебаев атындағы АТМГУ 2015 жылдан бастап И.М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетімен серіктестік байланыста.

Жергілікті оқу орны базасында Губкин университетінің филиалын ашу – білім беру бағдарламаларының трансферін қамтамасыз етіп, бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруға септігін тигізеді.



ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ: «ДАҢҚТЫ МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ – ЖАС ҰРПАҚҚА ҮЛГІ»

Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театрында «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының 100 жылдық мерейтойына арналған салтанатты іс-шара өтті.

Атырауға жұмыс сапарымен барған ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ компаниясының құрылғанына 100 жыл толуына орайластырылған салтанатты жиынға қатысты.

Премьер-Министр өз сөзінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мұнай-газ секторын экономиканың басым бағыттарының бірі ретінде дамытудың маңыздылығын, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның дамуында саланың және отандық мұнайшылардың еңбегі зор екенін ұдайы ерекше атап өтетінін айтты.

Әлихан Смайыловтың сөзінше, қазақ мұнайының бастауында тұрған кәсіпорынның 100 жылдық мерейтойы – бұл айтулы мереке, өйткені, Қарашүңгіл жерінен табылған «қара алтын» еліміздің брендіне айналды.

– Мәселен, 1899 жыл Қазақстан тарихына Жылыой ауданында мұнай көзі табылған жыл ретінде енді. 1922 жылы трест болып құрылған «Ембімұнайгаз» – бүгін өз бағытын нақты айқындаған, аяғына нық тұрған қуатты кәсіпорын.

«Ембілік геологтар еліміздің Батыс аймағындағы ірі мұнай кеніштерін ашуда зор еңбек сіңірді. Соның арқасында мұнай-газ саласы ел экономикасы дамуының локомотивіне айналды», – деді Әлихан Смайылов.

Премьер-Министр бір ғасырлық тарихы бар «Ембімұнайгаз» кәсіпорны қаншама даңқты мұнайшылар әулетін тәрбиелеп, мыңдаған ұлттық кадр дайындап шығарғанын айтты.

«Жер қойнауындағы қазба байлықты іздеуден бастап, оны игеру мен дамыту мол қажыр-қайратты, терең білім мен табандылықты талап етеді. Осындай қиыншылықтарға төтеп беріп, мұнай өндіріп, ел игілігіне үлес қосқан мұнайшылар еңбегі ешқашан ұмытылмайды! Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетілу керектігін атап өтті», – деді Әлихан Смайылов.

Сөз соңында Премьер-Министр бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» әлеуметтік жауапкершілігі ретінде Атырау облысының дамуына да жан-жақты қолдау көрсетіп келе жатқанын атап өтті.

Салтанатты шарадағы арнайы дайындалған деректі фильмде отандық мұнай өндіруші компанияның ғасырлық тарихы жан-жақты көрсетілді.

Ембі – бұл қазақ мұнайының бастауында тұрған көне кәсіпорын. Ол 1922 жылы Доссор және Мақат кен алаңдарын игеру мақсатында «Ембімұнай» тресі болып құрылды. 100 жылда ембілік мұнайшылар 188 млн тоннадан артық қара алтын өндірді.

«Ембімұнайгаз» АҚ бүгінгі таңда «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының негізгі өндірістік сегменті болып отыр.

Сонымен қатар Үкімет басшысы ҚР Президентінің атынан 25 ардагер мен сала қызметкерлеріне түрлі мемлекеттік наградалар табыс етті.

Шара соңы қазақтың эстрада жұлдыздары – «Музарт» тобы, Жұбаныш Жексенұлы, Айгүл Иманбаева, Маржан Арапбаева, Ринат Гайсин, КСРО-ның және Қазақстанның халық әртісі Әлібек Днишев және тағы өнер жұлдыздарының концертіне ұласты.





III дәрежелі «Барыс» ордені
Оржанов Табын Қапанұлы – ардагер
Тасқынбаев Есен Тасқынбайұлы – ардагер

«Парасат» ордені
Бабашева Мәнсия Нұрғалиқызы – ардагер

«Құрмет» ордені
Салихов Мендеш Халелұлы – ардагер
Сүйінғариева Қазира Сүйегенқызы – ардагер
Төреғалиев Дәрмен Тілеубергенұлы –
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ бас технологы
Жамауов Жұмабек – ардагер

III дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордені
Ахметов Ерболат Құсайынұлы –
«Доссормұнайгаз» МГӨБ жерасты ұңғыларын
жөндеу операторы
Жұмажан Нұржанов – ардагер
Оразов Нұрлан Әленұлы – «Доссормұнайгаз»
МГӨБ жерасты ұңғыларын жөндеу операторы
Абежан Қуанғали Халидоллаұлы –
«Жайықмұнайгаз» мұнай және газ өндіру
цехының бастығы

«Ерен еңбегі үшін» медалі
Иманғалиев Нұржан Ісқайырұлы –
«Доссормұнайгаз» МГӨБ мұнай және газ
өндіру операторы
Аманқұлов Мәжит Қазекенұлы –
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ мұнай және газ
өндіру шебері
Қондыбаев Ерлан Жаңабайұлы –
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бас инженері
Достанов Ерік Давыдұлы – ардагер
Баспаев Аманғали Фазылұлы – ардагер
Қосанова Ғалия Сабырқызы – ардагер
Сахуалин Құрманғазы Қинашұлы –
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ мұнай және газ
өндіру цехының бастығы
Көктенов Сағидолла Шораұлы –
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ мұнай және газ
өндіру операторы
Кенжебаева Айман Сатқанбайқызы –
ардагер
Дәулеталиева Светлана Ахметқызы –
ардагер
Айдинова Сәлима Хамидоллақызы –
«Доссормұнайгаз» МГӨБ еңбекақы төлеу және
персоналды басқару бөлімінің экономисі
Қилыбаева Светлана Жайболқызы –
«Доссормұнайгаз» МГӨБ ұңғыларды жөндеу
шебері
Ғалиев Нұрлан Қисаұлы – ардагер
Агафонова Ольга Альбертовна – ардагер

«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының 100 жылдығына орай компанияның бас кеңсесінде Ембі өндірісін дамытуға үлес қосқан бір топ ардагерге құрмет көрсетіліп, салтанатты қабылдау ұйымдастырылды.



АРДАГЕРЛЕР – АСЫЛ ҚАЗЫНА

Мерекелік шараға Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтау, Ақтөбе т.б. қалалардан келген мұнай-газ саласының және ембілік ардагерлер қатысты. Майталман мұнайшылар «Еңбек Ері», «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен және отандық компания «Ембімұнайгаз» АҚ-на – 100 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Аталған жоғары марапаттарды ардагерлерге «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы Есен Қайыржан, «Ембімұнайгаз» Басқарма төрағасының орынбасарлары Қанатбек Қасымғалиев пен Рысты Тасмағамбетова, ұзақ жылдар Ембі өндіріс саласында басшылық қызмет атқарған, Атырау облысы қоғамдық кеңесінің төрағасы Мақсым Ізбасов салтанатты түрде табыс етті.



Қайырымдылық

«Ембімұнайгаз» ерекше балаларға қамқорлық шараларын жалғастыруда.



ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА – ЕРЕКШЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

Польша, Италия, Қытай, Швеция, Германия елдерінен ерекше күтімді қажет ететін балаларға 30 арба (коляска) сатып алынды.

Атап өту керек, «Жүректен-жүрекке» қорымен бірігіп жүзеге асқан қайырымдылық жоба аясында, арбалардың барлығы әр баланың диагнозына, бой-салмағына

арнайылап алынған. Қосымша 5 арба сатылып алынады.

Оның басым бөлігі аудандарда мекен ететін ерекше балаларға тарту етіледі. Кеше Атырау қаласында 4 балаға табысталды. ЕМГ Басқарма төрағасының орынбасары Рысты Тасмағамбетова мен әлеуметтік саясат департаментінің директоры Қуандық

Калидуллин ерекше балалардың ата-аналарымен кездесіп, жағдайларын білді.

- Бүгін біз үшін ерекше қуанышты күн. Арманымыз орындалып, Эльнарымыздың қозғалуына ыңғайлы, толық жабдықталған арбаға қолымыз жетіп отыр. Осындай мүмкіндік берген ембілік

мұнайшыларға, «Жүректен-жүрекке» қорына аналық алғысымды білдіремін. Балаларымыз шауып кетсін. Осындай жандарға жасаған қамқорлықтарыңыз еселеніп өздеріңізге қайтсын, - дейді **ерекше баланың анасы Зоя СОКОЛОВА.**

Сонымен қатар, бірнеше балаға ортопедиялық аяқ киімдер табысталды.

Праздник

ПОД ЗНАКОМ БЛАГОТВОРИТЕЛЬНОСТИ



В Доме культуры «Кен Жылыой» состоялось мероприятие, посвященное Дню работников нефтегазового комплекса Республики Казахстан. Его организовало НГДУ «Жылыоймунайгаз». Торжество, в котором принял участие заместитель председателя Правления АО «Эмбамунайгаз» по производству Канатбек Касымғалиев, совместил два приятных момента: это награждение лучших работников и вручение ключей от дома семье С.Ергалиевых.

Открывая мероприятие, Канатбек Махмудович поздравил всех с вековым юбилеем и профессиональным праздником, отметив при этом весомый вклад «Эмбамунайгаза», в том числе, «Жылыоймунайгаза» в экономику региона и страны в целом. Также заместитель председателя Правления по производству рассказал о мероприятиях, реализованных в рамках празднования 100-летия компании.

За вклад, внесенный в развитие нефтегазовой отрасли и безупречный труд, ряду нефтяников К.Касымғалиев вручил ведомственные награды Ассоциации Kazenergy и АО «НК «КазМунайГаз».

Кроме этого, большая группа работников НГДУ «Жылыоймунайгаз», а также руководители подрядных организаций были награждены Почетными грамотами, Благодарственными письмами управления и профсоюзной организации.



Кульминационным моментом торжественного мероприятия стало вручение ключей от дома семье Ергалиевых. Глава семьи Саламат Ергалиев, где воспитываются три малолетних ребенка, является инвалидом I группы по зрению. С 2015 года молодая семья жила в съемной квартире.

Коллектив НГДУ «Жылыоймунайгаз», который уже неоднократно, а если точнее, уже в третий раз за последние полтора года помогает нуждающимся в приобретении жилья, еще раз продемонстрировал сплоченность и милосердие. На собранные средства нефтяников был куплен 4-х комнатный дом с хозяйственной пристройкой в с. Косшагыл для семьи Ергалиевых. В качестве подарка на новоселье семье подарили ковер, микроволновую печь и другие вещи домашнего обихода.


«Поддержка людей, нуждающихся в заботе – одна из постоянных инициатив нашего коллектива. И на этот раз коллеги как один откликнулись на зов о помощи. Символично, что очередная наша благотворительная акция состоялась в год 100-летия «Эмбамунайгаза», - отметила заместитель начальника по геологии и разработке НГДУ «Жылыоймунайгаз» Балмаш Жаксыбаева.

Саламат Ергалиев вместе с супругой выразили благодарность коллективу «Жылыоймунайгаз» за неоценимую помощь и пожелали успехов в труде.

В завершение, необходимо отметить, что по результатам конкурса «Жомарт жүрек», проведенного в этом году акиматом Жылыойского района, НГДУ «Жылыоймунайгаз» победил в номинации «Үздік қамқоршысы».



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕНІҢ ШАМДАРЫ



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жылдығына орай, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның қолдауымен Исатай-Махамбет орталық алаңында Open air «Мұнайлы өлке шамдары» атты ауқымды концертті өтті.

Аталған концертке 15 мыңға жуық көрермен қатысты. Қала тұрғындары мен қонақтарын қазақстандық эстраданың атақты да жас жұлдыздары өз өнерлерімен қуантты. Олардың қатарында Бейбіт Көшқалиев, Айдана Меденова, «Keshyou», «Орда», «101» топтары, Kalifarniya, Әлішер Кәрімов, Mona Songz, Анатолий Цой, Диная, Дастан Оразбеков, Рухия Байдуkenова, Ринат Малцагов, сондай-ақ, Килиманджаро болды.

- Концерт жоғары деңгейде өтуде. Мен әнімді бағдарламаның бастапқы кезеңінде орындадым. Халықтың көңіл-күні мен ықыласы ерекше. «Ембімұнайгаз» ұжымының барлық қызметкерлерін мерекемен және 100 жылдық мерейтоймен құттықтаймын, - деді Б.Көшқалиев.

Концерт соңы мерекелік отшашумен аяқталды.



Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ және Қоғам аумағында қызмет көрсететін мердігер мекеме қызметкерлері!
«Ембімұнайгаз» АҚ-да «СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ» желісі жұмыс жасайды.

Сіздің әлеуметтік бағытта сұрағыңыз, пікіріңіз, ұсынысыңыз, шағымыңыз болса хабарласыңыз (хабарламалар құпия қарастырылады).



WhatsApp: 8 771 002 68 95

K.Kalidullin@emg.kmger.kz
Калидуллин Қуандық Мәдениетұлы
Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры

Ескерту: Жолданған хабарламаға қызметкер - жағдай орын алған нысан, өндіріс орнының атауын көрсетуі сұралады.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: Ұйымдастыру бөлімі
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmger.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-64; 21-166

I.Satylganova@emg.kmger.kz

Баспахана:

«Жаркын Ко» ЖШС

Мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Абая даңғ., 57/1.

Тел: +7(7172) 21-50-86.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Калидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

Ж.Мұқанғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

Ғ.Қаражанова - ұйымдастыру бөлімінің жетекші маманы;

Ж.Дәуітов - «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.